КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 қараша іс №1912-24-00-2/1911 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы А. Қойтан ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Аманат" Есік арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Төлеутаев Талғат Амантайұлыұсынған «Елтай» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбыөндірүлі туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Адишева Д.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 01 маусымда "Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Аманат" Есік арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) және Төлеутаев Талғат Амантайұлы ұсынған «Елтай» жеке кәсіпкер (бұдан әрі – Өнім беруші, Жауапкер) арасында 79 380 (жетпіс тоғыз мың үш жүз сексен)теңге сомасына № 179 Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) қол қойды, Үшкіл Орамал медициналық, матадан Орамал-таңуға арналған таңғыш 20 дана мөлшерінде бірлік бағасы -3 969 тенге (бұдан әрі – Тауар).

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 30.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2025, судья Галымов Д. М., 10.02.2026
1912-25-3-1/1990

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарт бойынша жеткізу мерзімі Шартқа қол қойылған күннен бастап 16 күнтізбелік күн, яғни Тауарды жеткізу 2025 жылғы 17 маусымда кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Тауар жеткізілген, бірақ құжаттарынсыз жеткізілді: жүкқұжаттар жоқ, өнімді тіркеу куәлігі жоқ, нұсқаулар жоқ, мерзімнің өту күні және сақтау ережелер жоқ. Және тауар Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізіміне сәйкес емес, қабылдауға заңды құқық жоқ.

Тауарды қабылдау – тапсыру актісі және Тауарға ілеспе құжаттар Жауапкер тарапынанберілмеген.

Хабарламалардағы хат алмасулар жауапсыз қалдырылды. Тауарға Тауарлық жүкқұжат берілмеген.

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген жауапкер сот отырысына келмеді және себептерін сотқа хабарламады. Сот Қазақстан Республикасы АІЖК-нің (бұдан әрі – АІЖК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі – өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізімі.

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамаған. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Сондай-ақ, Шарттың 7.2-тармағына сәйкес Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл)

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 30.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2025, судья Галымов Д. М., 10.02.2026
1912-25-3-1/1990

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, жұмыстың орындамағаның ескере отырып, шартта көрсетілген 41 күнге тұрақсыздық айыбын төлемегенің ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы БСН 981240001595"Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Аманат" Есік арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Төлеутаев Талғат Амантайұлы ұсынған «Елтай» жеке кәсіпкермемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Төлеутаев Талғат Амантайұлы ұсынған «Елтай» жеке кәсіпкердің атынан жергілікті бюджетке 2 778 (екі мың жеті жүз жетпіс сегіз) теңге тұрақсыздык айыбы және 2 049 (екі мың қырық тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ш.Н.Ргебек**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 30.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2025, судья Галымов Д. М., 10.02.2026